

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 29 маусым – 03 шілде



2026 жылғы 29 маусым – 03 шілде

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Аптаның негізгі оқиғалары және
Макроэкономикалық ахуал,
Негізгі көрсеткіштер

02



Аймақтық көрініс:
АҚШ, Еуропа, Азия және
Дамушы нарықтар

03



Аптаны бақылау және
қорытындылау: жады және
ЖИ инфрақұрылымы

Акция. Америкалық қор индекстері өткен аптада төмендегеннен кейін қалпына келді. Өсім негізінен ірі компаниялар мен технологиялық секторда байқалды: NASDAQ индексі 3,26%-ға, S&P 500 2,49%-ға, ал Dow Jones 2,27%-ға өсті. Нарықтағы оң серпінге ЖИ-мен және жартылай өткізгіштер саласындағы компанияларға деген инвесторлардың қызығушылығының қайта артуы, сондай-ақ компаниялардың корпоративтік есептілігі жоғары нәтиже көрсететініне қатысты күтулер ықпал етті. Бұл ретте шағын және орта компаниялар әлсіздеу динамика көрсетті: қорларға инвестиция ағыны US Sm & Mid Cap сегментіне қатысты инвесторлардың әлі де сақтық танытып отырғанын көрсетті. Еуропада өсім кең ауқымда байқалды: Euro Stoxx 50 индексі 2,84%-ға, FTSE 100 1,37%-ға көтерілді. Жапонияның Nikkei 225 индексі жыл басынан бергі айтарлықтай өсімнен кейін өткен аптада 0,54%-ға ғана өсіп, қалыпты динамика көрсетті. Гонконгтың Hang Seng индексі 4,17%-ға көтерілгенімен, жыл басынан бері әлі де 10,34%-ға төмендеу аймағында қалды. Қытайдың CSI 300 индексі 0,54%-ға төмендеп, ел экономикасының қалпына келу қарқынының біркелкі еместігін тағы бір мәрте көрсетті. Қазақстанның KASE индексі аптаны 0,23%-дық өсіммен аяқтап, жыл басынан бергі жиынтық өсімі 9,66%-ға жетті.

Облигация және кредит нарығы. Борыштық нарықта АҚШ-тағы жұмыспен қамтудың баяулау белгілеріне қарамастан, облигациялар кірістілігі өсті. АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі 4,47%-ға, 30 жылдық облигацияларының кірістілігі 4,99%-ға дейін көтерілді. Кірістіліктің өсуі инвесторлардың ФРЖ-ның ақша-кредит саясатын жұмсарта бастайтынын әлі де күтпейтінін көрсетеді: жұмыспен қамту жөніндегі әлсіз есеп инфляцияға қатысты алаңдаушылықпен, іскерлік белсенділіктің тұрақтылығымен және реттеушінің алдағы коммуникациясына қатысты белгісіздікпен теңестірілді. Сонымен қатар кредиттік тәуекел индикаторлары жақсарды. US HY OAS көрсеткіші 21,75 базистік тармаққа төмендеп, 305,2 базистік тармақты құрады, US IG OAS көрсеткіші 1,85 базистік тармаққа төмендеп, 113,0 базистік тармаққа жетті, CDX HY және CDX IG кредиттік индекстері де төмендеді. Бұл базалық кірістіліктің өсуіне қарамастан, кредиттік сегментте тәуекелді активтерге деген сұраныстың сақталып отырғанын білдіреді.

Валюталар және шикізат нарығы. Доллар индексі 0,50%-ға төмендеп, 100,85 деңгейіне жетті. EUR/USD бағамы 0,50%-ға дейін – 1,14-ке өсті. USD/JPY бағамы 162,08 деңгейіне дейін көтеріліп, Жапония билігінің валюта нарығына ықтимал араласу тәуекеліне қатысты нарықтың назарын сақтап отыр. USD/KZT бағамы 2,77%-ға төмендеп, 472,33 теңгені, ал RUB/KZT бағамы 0,45%-ға төмендеп, 6,19 теңгені құрады. Маусым айындағы күрт төмендеуден кейін мұнай бағасы тұрақталды: Brent маркалы мұнайдың бағасы 0,70%-ға төмендеп, барреліне 72,75 доллар болды. Мамыр айындағы деңгейлерінен мұнай бағасының төмендеуі инфляция болжамы үшін маңызды фактор болып қала береді, өйткені ол жанармай бағасы мен көлік шығынына түсетін қысымды біртіндеп әлсіретуі мүмкін. Алтын бағасы 1,86%-ға өсіп, 4 165 доллар болды, күмістің бағасы 4,93%-ға өсіп, 62,10 доллар болды.

АҚШ-тың еңбек нарығы бойынша жарияланған есеп аптаның басты оқиғасы болды. Маусым айында экономика небәрі 57 мың жұмыс орнын құрды, бұл күтілгеннен айтарлықтай төмен болды. Бұл ретте жұмыссыздық деңгейі 4,2%-ға дейін төмендеді, ал жалақының жылдық өсімі 3,5% деңгейінде сақталды. Бұл көрсеткіштер жұмысқа қабылдау қарқынының біртіндеп баяулап жатқанын, алайда еңбек нарығының күрт әлсіреу белгілері жоқ екенін көрсетеді. ФРЖ үшін бұл күту тәсілін сақтау қажеттігін білдіреді: инфляциялық тәуекелдер әліде өзекті болғанымен, жұмыспен қамту жөніндегі әлсіз есептен кейін базалық мөлшерлемені дереу көтеру ықтималдығы төмендеген.

Іскерлік белсенділікке қатысты жарияланған деректер де біркелкі болмады. ISM өндірістік индексі 53,3-ке дейін төмендегенімен, экономикалық белсенділіктің кеңеюі мен қысқаруын ажырататын 50 тармақтық межеден жоғары қалды. Бұл өнеркәсіп секторында өсімнің жалғасып отырғанын, бірақ оның қарқынының баяулағанын білдіреді. Тұтынушылар сенімі төмен деңгейде қалып, ағымдағы экономикалық жағдайға берілетін бағалар нашарлады. Соның нәтижесінде жылдың екінші жартысында нақты кірістің, жұмыспен қамтудың және жанармай бағасының динамикасына назар күшейе түсті.

Еуропада еуроаймақтағы инфляция күтілгеннен жылдамырақ баяулады, бұл ЕОБ-ның ақша-кредит саясатын одан әрі қатаңдату ықтималдығын төмендетті. Қытайда өндірістік белсенділік индекстері экономиканың орнықтылығын көрсеткенімен, нарықта жоғары технологиялық секторлардың салыстырмалы түрде күшті көрсеткіштері мен ішкі сұраныстың әлсіздігі арасындағы айырмашылық сақталуда. Қазақстанда маусым айында жылдық инфляция 10,4%-дан 10,3%-ға дейін төмендеді. Дегенмен, жанармай, көлік және қызмет көрсету бағалары тарапынан инфляциялық қысым әлі де сақталып отыр.

Индекс	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	7 537	+2,49%	+9,90%
Dow Jones	53 056	+2,27%	+9,66%
NASDAQ	26 121	+3,26%	+12,42%
Euro Stoxx 50	6 398	+2,84%	+9,36%
FTSE 100	10 652	+1,37%	+7,04%
Nikkei 225	69 738	+0,54%	+38,53%
Hang Seng	23 616	+4,17%	-10,34%
CSI 300	4 842	-0,54%	+4,58%
KASE	7 711	+0,23%	+9,66%

Актив	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
MSCI World	4 842	+1,86%	+9,30%
MSCI EM	1 721	-1,97%	+22,58%
MSCI EAFE	3 169	+1,87%	+9,56%
Brent маркалы мұнай	72,75	-0,70%	+18,33%
Алтын	4 165	+1,86%	-3,82%
Күміс	62,10	+4,93%	-14,53%
DXU	100,85	-0,50%	+2,47%
USD/KZT	472,33	-2,77%	-6,91%

Кірістілік	07.07.2026	29.06.2026	Өзгеріс
UST 10Y	4,47%	4,38%	+9 б.т.
UST 30Y	4,99%	4,87%	+12 б.т.
UK Gilts 10Y	4,79%	4,73%	+6 б.т.
Germany 10Y	2,94%	2,85%	+9 б.т.
China 10Y	1,73%	1,72%	+1 б.т.

АҚШ. Нарық инфляция мен мөлшерлемелерге қатысты алаңдаушылықтан неғұрлым теңгерімді бағалауға көшті: жұмыспен қамту жөніндегі әлсіз есеп мөлшерлеменің жылдам көтерілу ықтималдығын төмендеткенімен, облигациялар кірістілігінің өсуі инвесторлардың мөлшерлемелерді тезірек төмендетуге әлі де дайын еместігін көрсетті. Ірі технологиялық компаниялар мен ЖИ-ге байланысты кейбір секторлар көшбасшы болды.

Еуропа. Еуропалық акциялар құны мұнай бағасының төмендеуі және неғұрлым жұмсақ инфляциялық деректер аясында өсті. Инфляция бойынша күтулердің жақсаруы акциялардың өсуіне ықпал еткенімен, өңірдегі нарық динамикасы әлі де өнеркәсіп секторының жағдайына, энергетика нарығындағы үрдістерге және ЕОБ-ның алдағы шешімдеріне тәуелді болып отыр.

Азия. Жапонияда нарық қалыпты оң серпінді сақтап қалды, бірақ иенаның әлсіздігі және жапон облигациялары кірістілігінің өсуі негізгі тәуекел факторлары болып қалып отыр. Қытай мен Гонконгта динамика әркелкі болды: Hang Seng индексі алдыңғы төмендеуден кейін қалпына келсе, CSI 300 индексі аптаны теріс аймақта аяқтады.

Дамушы нарықтар. Кейбір Азия елдері мен Түркия қор индекстерінің өскеніне қарамастан, MSCI Emerging Markets индексі 1,97%-ға төмендеді. MSCI World индексі өсім көрсеткен кезеңде дамушы нарықтардың әлсіз динамикасы инвесторлардың дамыған нарықтарға басымдық беріп, АҚШ пен Еуропадан тыс тәуекелі жоғары активтерге қатысты сақтық ұстанымын күшейткенін аңғартады.

Аптаны бақылау және қорытындылау: жады және ЖИ инфрақұрылымы

Аптаны бақылау. Жады секторы ЖИ-ге салынатын инвестициялардың басты бенефициарларының бірі болып қала береді. Деректерді өңдеу орталықтары үшін өнімділігі жоғары жадыға сұраныстың артуы баға деңгейін, пайда маржасын және өндірушілердің пайдасын қолдап отыр. Сегменттегі операциялық маржа шамамен 54%-ға жетті, бұл алдыңғы циклдегі шамамен 34%-дық ең жоғары деңгейден едәуір жоғары. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіштің одан әрі өсуі күтілуде. Соңғы 12 айда жады микросхемаларын өндіретін үш ірі компанияның таза пайдасы шамамен 450%-ға артса, сектор акцияларының орташа өсімі 638%-ды құрады.

Нарық үшін негізгі мәселе – осы өсім циклі қаншалықты ұзаққа созылады деген сұрақ. Бұрынғы жады нарығы циклдерінен айырмашылығы, қазіргі жағдайда ұсынысты ұлғайту ЖИ үшін жадыға қойылатын күрделі технологиялық талаптарға байланысты әлдеқайда қиын. Бұл ретте клиенттермен жасалған ұзақмерзімді келісімшарттар баға ауытқуларын белгілі бір дәрежеде жұмсартуы мүмкін. Дегенмен жаңа өндірістік қуаттарды іске қосу жоспарлары жарияланып жатыр, ал саланың күрделі шығыны 2027 жылға қарай айтарлықтай ұлғаяды деген болжам бар. Сондықтан жады секторының инвестициялық тартымдылығы сақталғанымен, нарықтағы шоғырлану деңгейі мен инвесторлық күтулердің күрт өзгеру тәуекелі мұқият бағалануға тиіс.

ЖИ нарығына қатысты кеңірек мәселе ағымдағы бағалау деңгейінде емес, болашақтағы корпоративтік пайданың тұрақтылығында болып отыр. S&P 500 индексіне кіретін компаниялардың екінші тоқсандағы пайдасына қатысты болжамдар әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. АҚШ акцияларының жоғары бағалануының бір бөлігі дәл осы пайда болжамдарының жақсаруымен түсіндіріледі. Егер компаниялардың қаржылық нәтижелері осы күтуді растаса, технологиялық сектордағы оң үрдіс сақталуы мүмкін. Ал егер пайда маржасының өсу қарқыны баяуласа, ЖИ саласындағы жетекші компаниялардың жоғары шоғырлануы нарықтағы құбылмалылықтың артуына себеп болуы ықтимал.

Алдағы апта. Осы аптада инвесторлардың назары АҚШ-та жарияланатын қызмет көрсету секторындағы ISM Services PMI индексіне және қайталама тұрғын үй нарығындағы сатылым көрсеткіштеріне ауады. Сондай-ақ ФРЖ-ның маусым айындағы отырысының хаттамасы, инфляция бойынша жаңа деректер, мұнай нарығындағы баға динамикасы және корпоративтік есептілік маусымының басталуы да ерекше маңызға ие болады. Нарық үшін негізгі сұрақ өзгеріссіз қалып отыр: компаниялар пайдасының өсуі жоғары пайыздық мөлшерлемелер мен сақталып отырған инфляциялық белгісіздіктің әсерін өтей ала ма?

Қорытынды. Өткен аптада технологиялық сектордағы күшті динамика мен нарықтағы құбылмалылықтың төмендеуі аясында дамыған нарықтардың акцияларына қызығушылық қайта жанданды. Алайда облигациялар кірістілігінің өсуі және жұмыспен қамту бойынша әлсіз есеп макроэкономикалық ахуалдың әлі де қарама-қайшы екенін көрсетті: экономика біртіндеп баяулағанымен, инфляциялық тәуекел мен ФРЖ-ның сақтық ұстанымы өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Нарықтың басты тақырыбы бұрынғысынша ЖИ-мен байланысты, бірақ басты назар технологиялық сектордың жалпы өсуінен нақты сегменттердің, ең алдымен жады мен жартылай өткізгіш инфрақұрылымының қаржылық нәтижесіне ауысып келеді. Алдағы апталарда есептіліктегі пайданы растау, АҚШ-тағы сервистік белсенділіктің динамикасы, мұнай бағасы мен мөлшерлемелер траекториясы бойынша ФРЖ-ның жаңа сигналдары маңызды болмақ.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты көпілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.